

отырған ізденіс тақырыбымызға орай бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Қазақтың ұлттық ойындарын дамыған қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құрылыммен байланысты қарастырады. Дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды.

Жоғарыда айтылған талдау негізінде біз келесі қорытынды жасай аламыз:

1. Қазақ халқы ұлттық ойындардың бала дүниеге келісімен дене жаттығуларын қолданғандығын және адамның жасының өсуіне сай, дене тәрбиесінің де түрлері өзгеріп отырғандығын көруге болады. Ойындарды жас ұрпақтың денесін шынықтыруда, отан қорғау ісінде негізгі құрал ретінде кенінен қолдану қажеттігін көруге болады.

2. Дене тәрбиесін педагогиканың маңызды бір саласы ретінде қарастыра отырып, оған ұлттық этнопедагогикалық ерекшеліктерді орынды қолдануды қосу арқылы дене тәрбиесінің тиімділігін арттыру мүмкін болатындығын атап өтеміз.

3. Ұлттық тәрбие көрсеткендей, ұлттық спорт пен ойындар баланың жан дүниесін қалыптастырушы, ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін жеткізуші, еліне деген патриоттық сезімдерді қалыптастырушы педагогикалық құрал екендігін атап өтеміз.

4. Қазақ елінің мұрасы дәстүрлі халық ойындарына қатысты өз еліміздегі, шет елдердегі мәдени мұраларды жинақтау, зерттеу, жүйелеу, оның пайдалы өнегесін жас ұрпаққа үйрету, осы күнгі заман қажеттілігінен туындаған өзекті мәселе екендігі айқындалып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алимханов Елемес. Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық және педагогикалық негіздері. 13.00.04 – Дене тәрбиесі, спорттық жаттығулар, сауықтыру және бейімдеу дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі // Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 203 бет.
2. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл, 275 б.
3. Диваев А. Этнографиялық еңбектері. – Алматы: Өлке, 1992. – Б.79-82.
4. Болғанбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы: Қайнар, 1993. – 163 б.
5. Гуннер М., Рахимкулов М. Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1949. – 67 с.
6. Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні. – Алматы: Жалын, 1978. – 89 б.
7. Доскараев Б.М. Историко-педагогические основы становления и развития системы физической культуры в Казахстане: дис. ... докт.пед наук 13.00.04. – Алматы, 2009. – 64 с.

Ануар С., аға оқытушы
Сармантаев А.С., аға оқытушы
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.
Әкім А.Ә., оқытушы
«Болашақ» жоғарғы колледжі
Башерлан Н.Б., дене шынықтыру мұғалімі
№ 23 ЖББМ, Қарағанды қ.

ХАЛЫҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТҮРҒЫДАН ҚАРАСТЫРЫЛЫП ЗЕРТТЕЛУІ

Аннотация: Мақалада денешынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды пайдаланудың ғылыми теориялық мәселелері зерттелін қарастырылады. Сонымен қатар еліміздегі ғалымдардың ұлттық ойындарды зерттеу деңгейі мен ұлттық ойындардың оқушылардың денесін шынықтырудағы рөлі мен оның болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі қажеттілігі, ұлттық ойындардың шығу тарихы төңірегіндегі мәселелермен оның өзектілігі туралы ізденіс жасалған.

Кілт сөздер: Ұлттық ойындар, зерттеу, халық, денешынықтыру, спорт.

Anuar S., senior lecturer
Sarmantaev A. S. senior lecturer
Karaganda Buketov University, Karaganda
Akim A. A., lecturer
Bolashak «Higher college», Karaganda
Basherlan N.B., teacher
Secondary school № 236, Karaganda

RESEARCH OF TRADITIONAL NATIONAL GAMES OF THE PEOPLE FROM A SCIENTIFIC POINT OF VIEW

Annotation: The article examines the scientific and theoretical problems of using national games in Physical Culture lessons. At the same time, the level of study of National Games by scientists in the country and the role of National Games in physical education of students and its need for education of future generations, the relevance of national games with issues related to the history of their origin were investigated.

Keywords: National Games, research, population, Physical Culture, Sports.

Ал, бүгінгі таңда жеке тұлғаны дамытуды жанаша көзқараспен қарап, оны әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен ғасырлар бойғы қалыптасқан тәрбие әдістері мен тәсілдерін ұштастырып, өмір тәжірибесі сынынан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық пен инабаттылық, іскерлік, мейірімділік, дарындылық, қайырымдылық, еңбексүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қасиеттерді, сондай-ақ, жас ұрпақтан өркениетті қоғамның ерікті, өз бас бостандығын қорғай алатын, бүкіл адамзат құндылығын бағалай алатын деңгейі мен дене еңбегіне бірдей қабілетті азамат тәрбиелеу қажет.

Әрбір әдепті ұрпақ халық дәстүрін, ата кәсібін, халық мұрасын жоғары бағалайды. Ата кәсіп – атадан балаға ауысып келе жатқан тіршілік мұрасы, мұрагер жалғастыратын дарынды әрекет болса, халық дәстүрі имандылыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді. Қазақ халқының әдет-ғұрып, салттары мен дәстүрлері өзінше бір ғажайып әлем.

Халықтық тәрбиенің қайнар көзі: ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ауыз әдебиетінің туындылары, өнер түрлері, ұлттық ойындар, отбасы тәрбиесі, тағы басқалары.

Ойын - тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, дене шынықтыру мен сергудің құралы. Кез-келген қазақ халқының ұлттық ойындарының тәрбиелік мақсаттары бар. Мысалы: “Асық” ойыны бағдарлыққа, дәлдікке, мергендікке, ептілікке үйретсе, доппен ойын бүкіл дененің тұтас қимылдап, шынығуына себепші болады. Ойнаудың түрлерін: «қауымдасып ойнау, одақтасып ойнау, жеке ойнау» деп, мазмұнына қарай оларды «тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар», ал жас ерекшеліктеріне байланысты «спорттық ойындар» деп бөледі.

Ойын – халықты рухани әдептілікке, әділеттілікке баулитын тәрбиелік құралы. Сондықтан әрбір ойынның мәнін-мазмұнын түсініп, ойын кезінде қызбалыққа, дәрекілікке салынбай, әр ойынның тәртібіне әдеппен, қызыға қарап, мәдениетті түрде ойнау қажеттігіне көңіл бөлініп отырған.

Халқымыздың өткен заманда жасаған өнегелі тәжірибесі бізге қалдырған ой-парасаттық мұрасы мол. Бүгінгі ұрпақ бұрынғылардың ақыл-кеңесіне құлақ асса, адаспай, абыржымай, жаңылмай, жаза баспай арман–тілегіне неғұрлым тезірек жетуге жол табады екен. Әр замандағы ақылмандар айтып кеткен даналық сөздер тірліктің барша саласына қатысты, халықтың тәлімі қарастырмайтын бірде-бір мәселе жоқ. Өйткені тәрбие - өмірдің өзекті мәселесі. Олар өмір сүру үшін ғана жазбаған, керісінше, жазу үшін өмір сүрген. Өмір

сүруді - өмірдің өзінен үйрену керек деп ескерген, өнегелі ғибраттарын, кітаптарды ауызша сөзбен қалдырған.

Қай халықтың болмасын ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан да халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Халық ұлт ойындарын туғызушы, оны сан-салалы өмір талқысынан өткізуші, өзінің керегіне жаратушы ретінде оны өзінің ұрпағын өмірге әзірлеу ниетінде дүниеге әкелген.

Ұлттық ойындардың ел арасында тарауы, қоғамдағы рөлі, болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы төңірегіндегі мәселелермен бізге дейін де ғалымдар ізденіс жасаған.

Осы мәселеге байланысты зерттелген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық тәртіп бойынша бірнеше топқа бөліп қарастырдық:

1. Патшалық Россияның қазақ жерін отарлау саясаты кезеңіндегі көшпенділер туралы зерттеу жұмыстары.

2. Кеңес заманы тұсындағы Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер.

3. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттелген жинақтар.

4. Егемендік алған Қазақстандағы аталған тақырыпқа қатысты ізденістері.

Қазақ халқының өмірі жайында көптеген материалдар жинаған орыс ғалымдарының бірі И.С.Паллас өз зерттеулерінде қазақ халқының тыныс-тіршілігін бақылай келе ұлттық ойындарға сипаттама беріп, қазақ қоғамындағы аңға шығу мен аңшылықты суреттейді [1].

Неміс ғалымы психолог К.Гросс бала өміріндегі ойынның алатын орнын айқындап, жеке тұлғаның қалыптасу сатысындағы ойынның рөлін ашты.

Ғалым К.Гросстың зерттеу жұмысы жарияланғанға дейін ойын әрекеті адамның аса күрделі іс-әрекетінің бірі екенін және оған сүйеніп өсіп келе жатқан баланың психикасын қадағалау, оның баланың жетілуі үшін қажетті компоненттердің қатарына жататынын дәлелдеу оған дейін ғылым ретінде зерттелмеді.

К. Гросс ойын бала-өмірінде тұқым қуалаушылықтың негізінде пайда болатын, жас төл секілді, өздерінің енесі арқылы берілетін инстинктіні жаттығу арқылы өз бойына орнықтыра отырып, өмір сүруге әзірлену деп түсіндіреді [2].

Тағы бір неміс ғалымы А.Гумбольдт 1829 жылы орыс өкіметінен арнайы рұқсат алып, Каспий теңізінің бойына, Орал мен Алтай және Орынбор, Семей, Өскемен қалаларына саяхат жасап, көшпелі қазақ ауылдарының өмірімен танысып, олардың күнделікті тіршілігін, әдет-ғұрпын зерттей келе: «Қазақ елінің жолаушы қонаққа көрсететін құрметімен бірге ұлттық ерекшеліктері күрестері мен ат жарыстары халықтың өзіндік ерекшелігімен сүйсіндіріп, сырт адамды қызықтырады», - дейді [3].

Қазақ даласында тұңғыш география қоғамы бөлімшесін ашушылардың бірі, көрнекті орыс ғалымы, географ, тарихшы А.И.Левшиннің қазақтар туралы 1832 жылы жазған ең көлемді монографиясы «Описание киргиз-казачьи или киргиз-кайсацких орд и степей» деп аталады. Осы еңбектің бірінші бөлімінде қазақ даласына географиялық сипаттама берілген. Екінші бөлімі қазақтардың тарихына, үшінші бөлімі олардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына арналған.

А.И.Левшин ойын-тойлардағы ұлттық спорт түрлеріне ат жарыс, теңге алу, қыз қуу, балуан күресіне тоқталып, қазақ балаларының жастайынан ерінбей қимыл-әрекет дағдысын қалыптастыруға ұмтылатынын көрсеткен.

А.И.Левшин қазақ халқының балаларды атқа шабуға, садақ тартуға, күреске үйретудегі шеберлігін, әсіресе дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетінін атап өтеді. Қазақ халқының шыдамды, мықты болып өсетінін А.И.Левшин былай деп суреттеген: «Халықтың өмірі үнемі мал бағумен, табиғатпен, таза ауада тіршілік етумен өмір өткізуі олардың дене бітімінің зор, күшті болып өсуіне себепкер болған. Сондықтан да олар ыстыққа, суыққа төзімді, көп

жасайды, бас ауруы дегендер сирек кездеседі. Олардың көзі қырағы болып келеді. Алыстағы көрінген малдың түсі-түгін айнытпай дәл ажыратады. Атқа мініп жүруді балалары жастайынан үйренген. Олар үшін атқа шабу гимнастикалық жаттығудың бір түрі сияқты болып кеткен» [4].

Халқымыздың әдет-ғұрпын, ойын-сауықтарын, ұлттық ойындарын зерттеуде ғалым Е.Букиннің еңбегі ерекше. Е.Букин - дене тәрбиесін пән ретінде қарап, теориялық тұрғыдан зерттеген алғашқы ізденуші. Зерттеуші өзінің «Физическое и умственное воспитание у киргиз» атты еңбегінде алғаш рет «гимнастика» деген терминге ғылыми түсініктеме берген. «Гимнастика-адам ағзасына жан-жақты әсер ететін, оның негізгі функционалдық процестерін күшейтетін, үйлесімді дамуына көмектесетін, арнайы іріктелген жаттығулар жүйесі» деп дәлелдеді [5].

Қазақтың ұлттық ойындарына мән берін, оны жинақтап, топтап жарыққа шығарған орыс ғалымы А.Диваев өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде автор тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөлін қарастырады: бірінші кішкентай балалар ойыны, екінші ересек балалар ойыны, үшінші жігіттер ойыны деп бөлді.

Ұлттық ойындарға тән бір ортақ сипат бір-бірінен тәуелсіз қозғалыстардан емес, біртұтас бір-бірімен байланысты аяқталатын мақсаттан тұрып ойын барысындағы әр қозғалыс, әр қимыл-элемент болып, ол басқа элементтермен жалғасып күрделі жұмысты дүниеге алып келеді.

Мақаланы қорытындылай келе қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындары сияқты пайда болу ерекшелігі, тәрбиелік мақсаты халықтың мекен еткен жерінің сол халықтың салт-дәстүрі, шаруашылық жүргізу ерекшелігіне тікелей байланысты екендігін көруге болады. Ойын түрлері адам денесін шықтырып оның рухани қалыптасу негізін құрайтын маңызды құралдың бірі екендігіне көз жеткізуге болады.

Сондықтан қазақ елінің мұрасы, дәстүрлі халық ойындарын іздестіріп зерттеп, балаларға үйрету осы күнгі заман қажеттілігінен туган өзекті тақырыптың бірі. Бүгінгі күн тәртібіндегі мақсат, халық ойындарына қатысты құжаттардың әлеуметтік мағынасын күшейтін оқу-тәрбие жүйесінде, отбасында ойындардың қолданыс шеңберін кеңейтіп пайдалы жақтарын көрсету болып табылады.

Ойындарды белгілі бір классификация арқылы кезең-кезеңге бөлін қарастыратын болсақ, алғашқы негізгі орынды жаттығуларға береміз. Келесі маңызды объект еліктеу, ал соңынан ережені қадағалаймыз деп ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Менлибаев К.Н. Роль национальных традиции в формировании и развитии патриотизма. – Караганда., 1993. – С. 52.
2. Анаркулов Х.Ф. Кыргызские народные подвижные игры, физические упражнения и современность. - Бишкек: КГИФ, 2003. - С. 8.
3. Болғамбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы, Қайнар, 2006. - 163 б.
4. Қарақов А. Студенттердің дене тәрбиесінде спорттық күрестің ұлттық түрлерін пайдалану: пед.ғылым.канд.дисс. автореф. - Алматы, 1996.
5. Оналбеков Ж.К. Дене тәрбиесі мен спорттың жеке адамдар арасындағы ұлттық қарым-қатынастарды дамытудағы орны: пед.ғылым.канд.автореф. - Алматы, 1996.